



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен
шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 07 (1340) 22-қараша, 2005 жыл

Айналы тәуір
Сәскелер

17 қараша - Халықаралық студенттер күні



ЕЛБАСЫ ІСІ

ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ



Қазақ жеріндегі осы құбылыстың бет-алысына тоқталсақ, оның да өзіндік ерекшеліктері мен өзгешелігі, даралығы бар. О бастан-ақ ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп үйренген ата-бабаларымыздың салауатты сара жолы бүгінде өз жалғасын тауып, әлем өркениетінің қол жеткізген полсапалық-мәдени тұжырымдарымен ұштасып жатқандығына тәубә дейсің. Ел ауқымын былай қойғанда, Қазақ ұлттық университетіндегі студент жастарымыздың өнер мен білім саласындағы түрлі дәрежедегі қол жеткізген табыстары мен жетістіктері де, еліміздің түрлі қоғамдық-мәдени, ғылым мен білім салаларында білікті маман ретінде қызмет етіп жатуы осындай түйіндер өзегіне жетелейді.

Студент, студенттік шақ. Онымен байланысты қайсыбір ұғымды алмасаңыз да, ол жоғары оқу ордаларының көркін ашып, оқу орнына шырай беретін сөз. Ендеше, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студент қауымымен байланысты мәселелер төңірегіне тоқталар болсақ, бірінші кезекте сөзсіз қара шаңыраққа айналған оқу орнының да көркі студент қауымымен, өз студенттерінің білгірлігімен, олардың жастығымен, жалынымен, ұмтылыс-ынтасымен, ел ертеңіне қызмет етуге деген білім алу сапасымен айшықтала түсері сөзсіз.



Жалғаеы 3-бетте

Шара



Игі мұсылман үшін қасиетті Рамазан айынан кейін келетін айт мерекесінің алғашқы күнінде, яғни 3 қарашада ҚазҰУ-дың тамақтандыру комбинатында студенттерге айттық берілді. Университет басшыларының бастамасымен жасалған игі шараға барлық жатақханадағы студенттер кеңесі мен тәртіп сақтау жасағындағы студенттер шақырылды.

Студенттерге айттық берілді

Университеттің қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген жастардың басын бір дастархан басына қосқан бұл жиынға ректорымыз Т.Ә. Қожамқұлов, Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор Н.О. Омашев, сондай-ақ Жалпы және шаруашылық мәселелер жөніндегі проректор С.Т. Шалғымбаев мырзалар қатысты. Алғашқы болып сөз алған Төлеген Әбдісағиұлы: “ҚазҰУ – халқымыздың құнды қасиеттерін ұмытпайтын, қайта ұлықтайтын, заман талабына сай білімі терең, келешегі кемел, рухы өр ұрпақ тәрбиелейтін қарашаңырақ. Осындай киелі ордада жүзден жүйрік, мыннан тұлпар шыққандар ғана тәлім ала алады. Ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азаматтар – сіздер...”, – деп ойын жалғады. Өз кезегінде студенттер қауымы да бірінен соң бірі сөз алып, үлкендермен пікір алмасып, ризашылығын білдірді.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауды парызы деп білетін университет басшылары мен студенттер арасындағы жылы қарым-қатынас осылайша дәстүрлі жалғасын тапты.

Бағдат ҚАПБАСОВ

Бүгінгі санда:



Үкіметтік емес ұйымдар
Н.Ә. Назарбаевты қолдайды

2 бет

ЖАТАҚХАНАЛАРАДАҒЫ жағдай жақсарды



4 бет

ҚазҰУ жастары



салауатты өмірді
таңдайды

5 бет

КОНКУРС

7-8 стр.



РЕКТОРАТ

8 қараша күні өткен Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-дың дене тәрбиесі және спорт кафедрасының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөнінде осы кафедраның меңгерушісі А.И. Арещенконың есебі мен комиссия төрағасы О.А. Лаврищевтің қосымша баяндамасы тыңдалды. Сондай-ақ Ректорат Қаулыларының орындалу барысын қадағалауға байланысты “Шет тілін оқытудың жай-күйі мен болашағы” жөнінде Бірінші проректор З.А. Мансұров ақпар айтып өтті.

14-15 қараша күндері ҚазҰУ-да “Болон процесіндегі Еуразия жоғары оқу орындарындағы интеграция” атты тақырыпта жоғары оқу орындары ректорларының II халықаралық симпозиумы өтті.

Ректорлардың халықаралық симпозиумы

Симпозиумды өткізудің басты мақсаты – Еуразиялық ғылыми-білім беру кеңістігінде мамандарды дайындау мәселесін талқылау және оның шешілу жолдарын қарастыру. Ал симпозиумды ұйымдастыруға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, “Манас” Түрік университеті (Қырғызстан), Орташығыс техникалық университеті (Түркия), сондай-ақ Түрік ынтымақтастық пен даму әкімшілігі мұрындық болды. Алқалы жиында қаралған басты мәселелер мына тәртіппен сараланып талқыланды: Еуразия мемлекеттерінің жоғары оқу орындарындағы кредиттік бірлік жүйесі және Еуропалық сынақ аудару жүйесі; Еуразия мемлекеттерінің жоғары оқу орындарындағы жалпы еуропалық білім беру кеңістігіндегі интеграция; Болон декларациясындағы жоғары білім берудің көпсалалы модернизациясы; Болон процесіндегі жоғары білімді реформаландыру мәселелері; Болон процесіндегі жоғары білімнің сапасын арттыру мәселелері және Білім беру процесінде жаңа ақпараттық

технологияларды енгізу. Симпозиум жұмысында даму қажеттіліктерінің үздіксіз өзгеруіне бейімделген және зейінді басқаруды, үнемі көмекті талап ететін еуропалық жоғарғы білім беру аймағының құрылуын қолдайтын Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Монғолия, Тәжікстан және Белорусия жоғарғы оқу орындарының ректорлары мен 30-ға жуық ғалымдар қатысты. Симпозиумды ұйымдастырушылар бұл кездесу жеткен жетістіктерді бағалауға мүмкіндік беріп, жаңадан енгізуді талап ететін шараларды қалыптастыруға бағыт береді деп сенім артып отыр. Симпозиум жұмысын жалғастыру мақсатында эксперттік қорытындыны дайындау үшін арнайы комиссия құрылатын болды. Оның қорытынды 2006 жылғы Симпозиумда қарастырылады. Өз қызметінде бұл комиссия Еуразия мемлекеттеріндегі университеттердің ұсыныстарын ескере отырып, толық басқарылуы, консенсустың қағидаларымен жұмыс істеуі тиіс.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

10 ноября 2005 г. в КазНУ им. Аль-Фараби состоялось торжественное заседание, посвященное 60-летию со дня рождения и 35-летию научной, педагогической и общественной деятельности академика Международной академии наук высшей школы, доктора физико-математических наук, профессора, проректора по научной работе КазНУ им. Аль-Фараби Купчишина Анатолия Ивановича.



Юбилей нашего ученого

А.И. Купчишин - физик-экспериментатор, крупный ученый в области ядерной физики, радиационной физики твердого тела и космоса. Награжден орденом “Күрмет”, имеет почетное звание “Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері”, грамоты Президента Республики Казахстан, акимата г. Алматы, Министерства образования и науки РК. Чтобы поздравить юбиляра, на торжественное мероприятие приехали такие видные деятели науки и общественности такие как аким Бостандықского района г. Алматы Каримуллин А.К., ректор КазНПУ Садыков Т.С., президент НАН РК, академик Журинов М.Ж., президент Академии наук высшей школы РК, академик Мамыров Н.К., ректор КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, проф. Мунинов Т.А., и другие. А так же в адрес А.И. Купчишина поступило много поздравлений, приветствий из различных университетов, научно-исследовательских и общественных организаций не только Казахстана, но и стран содружества (СНГ), зарубежных стран.

Тамара ТАЖИБАЕВА



Үкіметтік емес ұйымдар

Н.Ә. Назарбаевты қолдайды

Жиынға бірнеше үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері атап айтар болсақ, аудандық Ардагерлер кеңесі, аудандық Мүгедектер қоғамы, Мүгедек-аналардың республикалық

“Бибі-ана” қоғамы, Алматы қалалық көпбалалы аналар одағының аудандық бөлімшесі, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің аудандық кеңесі, Кәмелетке толмаған тұт-

қындардың бірлестігі, “Фибрат” көпбалалы аналардың қауымдастығы, “Мөлдір” жалғызбасты аналар қауымдастығы және тағы басқа ұйым өкілдері қатысты. Кедесуге сонымен қатар ҚР Президентінің кандидаты Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдық штабының Бостандық аудандық бөлімшесінің өкілдері қатысты. Кездесуді университетіміздің “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашева кіріспе сөзімен ашып берді. Жиынға қатысушылар бір-

ауыздан алдағы сайлауда қазіргі Президент Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдауға ниет білдірді. ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдері талданды

10 қараша күні философия және саясаттану факультетінде “Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдері” атты республикалық ғылыми конференция өтті. Оған Қазақстанның саясаттану, әлеуметтану, психология және педагогика саласындағы көрнекті ғалымдар қатысты.

Конференцияны кіріспе сөзбен ашқан философия және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Фарифолла Есім: “Тәуелсіз



Қазақстанның қалыптасу кезеңдері” деген тақырып бар болмысымен тарихқа айналып бара жатыр. Қазақстанның Тәуелсіздігіне қол жеткізу ұзақ жылдарға созылды. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолдарында көптеген қиыншылықтан өтуге тура келді. Қазіргі күні экономикамыз ілгерілеп, тұрмысымыз түзелді, әлеуметтік жағдайымыз артты. Осының бәрі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сара, халықтық саясатының арқасы. Ол бізді өркениет жолына

бастап бара жатыр”, – деді. Осыдан кейін сөз алған ғалымдар К.Биекенов, М.С.Әженов, М.Ф.Пузиков, Ж. Молдабеков, және тағы басқа ғалымдар тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдерін әр қырынан сөз етті. Конференцияда Тәуелсіз Қазақстанның дамуын философиялық тұрғыдан талдау; ҚР-дың әлеуметтік-саяси тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Қазақстандағы тұлға дамуының әлеуметтік-психологиялық мәселелері; Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік құрылымының қалыптасуы және Тәуелсіз Қазақстанның білім беру саласының дамуы және тұлғаның қалыптасуы деген секциялар бойынша мәселелер қаралды. “Философия өмір сүруге үйретеді” деп Сократ айтқандай, философ-ғалымдар конференцияға қатысушы ұстаздар мен студенттер қауымына қасиетті тәуелсіздік ұғымының өмірдегі көрінісінің мәнін ашып беруге тырысты.

Ғалия АҚСЕЙІТ

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ ЖЕНЩИНЫ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

18-19 октября 2005 года в г.Алматы проводилась Международная научно-практическая конференция “Женское движение Центральной Азии: от опыта прошлого десятилетия к поиску новых технологий”, посвященная гендерным исследованиям, гендерной политике и женскому движению в странах Центральной Азии.

Конференция проводилась при поддержке Фонда им. Фридриха Эберта, ЮНЕСКО, Центра гендерных исследований, Центра гендерного образования и кафедры социологии КазНУ им. Аль-Фараби. В работе конференции принимали активное участие координаторы и эксперты международных зарубежных организаций, видные ученые из Казахстана, Кыргызстана, Германии, Нидерландов, Таджикистана, Узбекистана, президенты Федерации женщин и Ассоциации деловых женщин стран Центральной Азии. Были представлены почти все регионы Казахстана. С приветственными словами к участникам конференции обратились проректор КазНУ им. Аль-Фараби, руководитель Центра гендерного

образования г-жа Ахметова Г.К., подчеркивая актуальность заявленной проблематики для ситуации Казахстана, повышенное внимание Президента страны Н.А. Назарбаева и Правительства к проблеме гендера в Республике Казахстан, а также значительный вклад в разработку проблем женского движения и неправительственных организаций; г-н Райнхард Крумм, проект-координатор Фонда им. Ф.Эберта в странах Центральной Азии, высказавший мнение, что гендерная политика есть одна из составляющих социальной политики. Представилась отличная возможность лично познакомиться с активистками женского движения, общаться с ними как в официальной, так и в неформальной обстановке,



интервьюировать для СМИ, печатных, электронных, повседневных и еженедельных, получить неординарный взгляд на проблемы и новые темы для журналистов.

Сапарходжаева Н.П., преподаватель КазНУ им. Аль-Фараби



Басы 1-бетте



ТЕК ҚАНА АЛҒА!
ҚАЗАҚСТАН
ТОЛЬКО ВПЕРЕД!



ЕЛБАСЫ ІСІ ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ

Студенттік шақ – бесінші маусым

17 қарашада Оалықаралық студенттер күніне орай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің **Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында** “Мен Отанды сүйемін!” атты мерекелік бағдарлама болып өтті. Бұл шара Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат Елбасымыз **Н.Ә.Назарбаевты қолдауға бағытталды.**

Студенттер сарайындағы мерекелік бағдарлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың жастық шағы мен білім мен ғылым игеруге деген зор ынтасын, бала жастағы даналығын бейнелейтін театрландырылған көрініспен ашылды. Содан кейін білім шырағын жағып, биікке көтерген Әл-Фараби бабамыздың бүгінгі білім мен ғылым қуған ұрпақтары – студенттер тобы ортаға шықты. Еліміздің келешегінің кемел болуы – Отанын, елін, жерін сүйетін болашақ білікті мамандар мен ғалымдардың қолында екендігін ұғындыратын бұл көрініс әр жасты “Мен Отанды сүйемін!” деген сезімдерге жетелей түсті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә.Қожамқұлов студенттер қауымын мерекесімен құттықтап, университет табалдырығын алғаш рет аттаған шәкірттерге студенттік билет тапсырды. Сондай-ақ, жоғарғы курс студенттері, президенттік шәкіртің иегерлері “Алтын белгімен” түскендерге “Білім кілтін” табыс етті.

Университет өмірінен түсірілген фотокөрме ашылып, деректі фильм көрсетілді. Кеш соны студенттер дайындаған мерекелік концерт пен БЭС (КВН) командасының өнерімен жалғасты.

Егеменді еліміздің болашағы – жастардың алдағы сайлауда дұрыс таңдау жасауы аса маңызды. Олай болса, ел ертеніне бей-жай қарамайтын, отаншыл ұрпақ тәрбиелеуде мұндай шаралардың мәні зор екендігі анық.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Біздер кешегі өткен Халықаралық студенттер күні мерекесімен қара шаңырақ ұжымы атынан барша студенттерімізді шын жүректен құттықтап, оларға білім мен ғылым жолында сәттіліктер мен жетістіктер, қажымас-қайрат пен қажырлы еңбек тілейміз.



**ЖАЛЫН БЕРГЕН, ЖІГЕР БЕРГЕН,
ТӨРТ ҚУБЫЛАҒЫ ТҮГЕЛДЕГЕН,
БІЗ ҚОЛДАЙМЫЗ ЕЛБАСЫНЫ.
ҚАЗАҚСТАН САМҒАСЫН!
ҚАЗАҚСТАН ТААМАСЫН!
БІЗ НҰРСҰЛТАН ҮШІН!
БІЗ НАЗАРБАЕВ ҮШІН!
ЕЛІ СЫЛАҒАН ЕРІ ҮШІН!**

Аталмыш мереке күнінде мемлекет, Елбасы төңірегіндегі мәселелерге тоқталып өтудің де артықтығы жоқ. Бұлай тоқталуымыздың да өзіндік себептері мен аталған түсініктердің арасында сабақтастық бар. Әлем шеңберінде көз жүгіртсек, дамыған елдерде кез-келген мәселенің болашағын оның жастарымен бағалайды екен. Бұл жағынан алсақ, тіліміздің де, діліміздің де, өнер-мәдениетіміз бен ғылымымыздың да болашағы мен бүгінгі шүкіршілік етеміз. Әйтсе де, осы тұста кеңес дәуірінде ҚазҰУ болған оқу ордасының бүгінде ұлттық университет ретінде қара шаңыраққа тән қасиетін сақтап тұруына, оның студент жастарының алдыңғы биіктерден көрініп жатуына ықпал етіп отырған мемлекетіміздің, нақтырақ

айтқанда, оның басында отырған Елбасымыздың қамқорлығы жөнінде ерекше тебіреніспен айтпасақ азаматтығымызға сын болары анық. Бұл жоғарыда айтып өткен болашағымызды жастармен өлшеу қағидасын ұмытпаған Нұрсұлтан Әбішұлының көрегенділігі болса керек. Президентіміздің кезінде оқу орнымызға: “ҚазҰУ болашақта Оксфорд, Кембридж университеттерімен терезесі тең оқу ордасына айналуы керек”, - деп меже қойып, жастарымызды да, ұстаздарымызды да ынталандыруы, студенттердің терең білім алуына жағдай жасап, өз атынан стипендиялар бөлуі, жатақханаларымыз бен ғимараттарымыздың талапқа сай болуын қадағалап, университетімізге ұлттық мәртебе беруі сияқты тағы басқа



толып жатқан игі істері мен қамқорлығы соның айғағы. Бүгінде қара шаңырақ ұжымының әлемнің үздік оқу орындарымен, ғылыми мекемелерімен тығыз байланыс орнатып, студенттер алмасуы, қазақ жастарының шет елдерде білімін тереңдетіп, оқытушылардың үздік оқу орындарының мамандарымен тәжірибе алмасуы да Елбасымыздың сарабдал саясатының жемісі екендігін мойындауға тиістіміз.

Б.ТӨРЕБЕКҰЛЫ

P.S.

“Ерім деген ел болмаса, елім деген ер қайдан шығады” деген халқымыздың даналығын алға тартып, студент жастарымыз төл мерекелерінде сайлау алдында өздеріне қамқор болған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы қолдау мақсатында “Мен Отанды сүйемін!” атты кеш ұйымдастыруы да ұрпақ сабақтастығындағы өнегелі іс. Бұл шараны жасына қамқор болған Елбасы мен ел бастаған еріне қолдау көрсеткен жас буынның арасындағы әдемі үйлесім деп бағаласақ артық болмасы хақ. Осындай үйлесім мен өзге мемлекеттердің бүгінгі тынысына өнеге боларлық ауызбіршіліктің ерекше үлгісі біздің елімізді алға бастайтындығына сенім мол!

Leбіз

Осыдан бір жыл бұрын, нақты айтар болсақ, 2004 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев университетіміздің ұстаздар ұжымымен және студенттерімен кездескен болатын. Бұл кездесу университет тарапынан жоғары деңгейде, мерекелік көңіл-күймен өтті дей аламыз.

Біздің сенім –
Нұр аға!

Әсел
СӘБИТОВА,
шығыстану
факультетінің
3-курс студенті



Студенттердің бұл талабына риза болған Елбасы ҚазҰУ-дың студенттеріне 100 президенттік стипендия атап кеткен. Осы жақсы хабарды естігенде, “Солардың қатарында мен де болсам ғой”, - деп армандап едім. Міне сол арманым орындалып, мен де президент шәкіртің иегері атандым.

Негізінде Нұрсұлтан Әбішұлы әрдайым жастар қамын ойлап отыратыны мәлім. Мысалы, Елбасымыз биылғы халыққа айтқан жолдауында, әлеуметтік мәселелер қатарында жастарды қолдайтынын білдірді. Елбасымыз өз жолдауында әрбір адам білім алуға құқылы екендігін айтты. Сондықтан ол Үкіметке білім гранты мөлшерін 50 пайызға ұлғайтуды тапсырды.

Нарық билеген заманда адамның әлеуметтік жағдайы түзелмей, қоғам алға баспайтыны белгілі. Аш құрсақ студенттің білімге құштарлығы қалай артсын? Сондықтан Елбасымыздың жастардың қамын жейтіні, халқы үшін жаны ауыратыны мені қатты толқытты. Гранттың көбейетініне ерекше қуандым. Грант көбейген сайын қазақ жастарының білім алу мүмкіншілігі де арта беретіні анық. Бүгінгі жас жеткіншек ертеңгі маман, елімізді көркейтуге үлес қосатындар деп есептеймін.

Елбасымыздың кеменгерлікпен жүргізген саясатының нәтижелерін тек естіп қана қоймай, шынайы өмірде көріп те отырмыз. Оған айғақ ретінде Президентіміз басшылық жасап отырған уақыт аралығындағы еліміздің экономикасының айтарлықтай өркендегенін айтуға болады. Сонымен қатар, елімізді мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың сүттей ұйыған татулығының өзі не тұрады?! Осының бәрі Елбасымыздың саликалы саяси басшылығының жемісі екенін өз еліміз түгіл, әлем жұртшылығы да мойындап отыр.

Бүгінгі күні республика халқының алдында үлкен сын тұр. Халық өз қалауысын таңдап, ел билігінің тұтқасын берік ұстайтын өркениетті, өскен елдің қатарына қосатын басшысын анықтағалы отыр. Ел тағдырын, жер тағдырын әділ шешетін бір ғана адам, ол өзіміз білетін және өзіміз сенетін Нұр аға деп есептеймін. Сондықтан мен өз даусымды Елбасымызға беремін және өзгелерді де осыған шақырар едім.



Студенттерге ауызашар берілді

Әл-Фараби атындағы атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы мен "Парасат" кәсіподағы жылдағы дәстүр бойынша қасиетті Рамазан айында ораза ұстаған 300-ге жуық студентке ауызашар берді. Ауызашар рәсіміне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Қожамқұлов, Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Н.Омашев, "Парасат" кәсіподағының төрайымы М.Мұқашева, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметкері Сүлеймен қажы қатысты, деп хабарлады ҚазҰУ-дың баспасөз қызметі.

Университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы жыл өткен сайын жастардың имандылыққа бет бұрып, ораза ұстаулары

қуантарлық жағдай екенін айта отырып, студенттерге білім алып, ғылым үйренудің, бос уақытты текке өткізбеудің маңызы туралы



тағылымды оңгіме айтты. Сүлеймен қажы дүниеден өткен барлық мұсылман қауымға қасиетті Құран бағыштап, тәрбиелік маңызы зор мысалдар келтіре отырып, студенттердің білім-ғылым игерумен қатар, имандылық, тазалық жолымен жүруінің қаншалықты маңызды екендігін түсіндірді.

Жиын соңында сөз алған журналистика факультетінің

1-курс магистранты Алма Сайлауқызы осы жоғары оқу орнында ғана қалыптасқан игі дәстүр үшін алғысын жеткізді. "Мұны университет басшылығының жастарға деген қамқорлығының, күрметінің бір көрінісі деп қабайдаймыз", - деді ол.

23 қазан 2005 жыл.

В работе международной научно-практической конференции "Казахстанская цивилизация: проблемы адаптации и цивилизации человека", которая открылась вчера на факультете философии и политологии в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби, принимают участие известные казахстанские и зарубежные ученые.

Взгляд философов на казахстанскую цивилизацию

Казахстанская правда

Идея казахстанской цивилизации заключается, по мнению ученых, в признании своеобразной общности и высокой культуры как казахского народа, так и других этносов. Цель конференции — научный анализ актуальных на сегодняшний день социально-экономических, культурных, политических изменений, происходящих в нашем обществе. В процессе вхождения нашей страны в общемировое пространство значительная роль отводится образованию.

Одним из первых вузов КазНУ им. Аль-Фараби подписал Болонскую конвенцию. И это, как подчеркнул в приветственном слове доктор философских наук профессор Гарифолла Есим, и престижно, и ответственно. Роль философии науки в нашем обществе возросла в связи с этим во много раз. Как выбрать правильные ориентиры на этом пути? Как не потеряться в огромном информационном пространстве и сохранить в условиях глобализации свою национальную принадлежность? В нашей жизни появились совершенно новые понятия, такие как философия бизнеса, предпринимательства, философия делового человека. И на этом пути, как показала работа научного философского форума, ученых ожидает еще немало открытий.

Так, одним из актуальных вопросов сегодня становится гендерная политика государства. А многие ли знают, что правами женщин еще в XIII веке очень был озабочен выдающийся философ того времени Жалал-эд-дин Румий? Сообщение которое на эту тему, сделал гость конференции из Турции Ахмет Шимшек, вызвало неподдельный интерес у аудитории.

Совершенно очаровал собравшихся Чарльз Уеллер. Житель туманного Альбиона — соискатель кафедры философии и политологии КазНУ им. Аль-Фараби. Он великолепно говорит на казахском языке — грамотно, эмоционально, образно. Вначале Чарльз в режиме он-лайн отработал с директором Культурного центра Индии господином Амрендра Мишра, переведя его доклад слушателям на государственный язык, а затем поделился с аудиторией собственными мыслями о пути развития демократии в Казахстане, роли Конституции, образования, сохранения менталитета в условиях глобализации и других сложных философских понятиях.

Знакомы слушателям конференции с теми преобразованиями, которые прошли после 90-х годов в Венгрии. Чрезвычайный и Полномочный Посол этой страны в Казахстане господин Януш Немет подчеркнул, как много общего в истории и в развитии общества у наших двух стран. В Казахстане хорошими темпами идут экономические и социальные преобразования, со стороны государства уделяется много внимания вопросам образования. В Венгрии эта сфера также на особом счету у государства, не случайно эта страна находится на первом месте в мире по числу нобелевских лауреатов. Есть у этой европейской страны желание учить у себя наших студентов по программе "Болашак". Глава дипломатической миссии готов оказывать этому всяческое содействие.

Наталья ТОДОРОВА
28 октября 2005 г.

КазҰУ-де: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті мен студенттер қауымы 4-желтоқсанда өтетін Президент сайлауында өздерінің Нұрсұлтан Назарбаевты қолдайтындары жөнінде жиын өткізді.

АЛМАТЫ АҚШАМЫ

1988 жылғы шілденің 1-нен шығады

Оны философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, философия және саясаттану факультетінің деканы Гарифолла Есім ашты. Осыдан кейін Ардагерлер кеңесінің мүшесі Алексей Соловьев, Студенттер Сенатының мүшесі Сәбит Мәтиев, журналистика факультетінің

Студенттер Елбасын қолдайды

деканы Бауыржан Жақып, қылмыстық процестер мен сот билігі кафедрасының меңгерушісі Қалимұлла Халиков, метрология кафедрасының меңгерушісі Владимир Чередниченко, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Зұлхаир Мансуров, заң факультеті №18 жатақханасының студенттер кеңесінің төрайымы Шынар Несіпбаева қазіргі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына жылы сөздер айтып, алдағы сайлауда кандидатурасын қызу қуаттап, қолдайтындарын білдірді.

Қуттыбек АЙМАХАН
3 қараша 2005 жыл.



-Біз ислам дінін ұстана отырып, ұлттық ерекшеліктерімізді де ұмытпауымыз керек, - дейді қажылыққа бірнеше рет барып қайтқан Ақжол Мейірбеков. - Арабтар ән айтпайды екен деп қазақ та ән айтпай қоюы ақылға сыйымсыз. Біз араб бола алмаймыз.

Рас сөз. Арабтың салты қазақтың салты бола алмайды. "Алланы арабтарша сүю керек" деген қағида ешбір жерде жазылмаған.

Кездесуде ана тіліміздің жайы да шет қалған жоқ. Қыдырөлі Болманов Алматы қаласының келер жылы ісқағаздарын мемлекеттік тілге көшіретінін еске сала келе, бұл игілікті шараға болашақ журналистердің де белсене атсалысуына үндеді. Ал жуырда ғана қажылық сапардан оралған Майра өнші студенттерге Меккеден алып келген тәбәрігін тарту етті. Ақжол қажы болса ата-бабалар аруағына бағыштап Құран оқыды.

Қуат ӘУЕСБАЙ,
3 қараша 2005 жыл

Қадыр түні келген қадірлі қонақтар

Қадыр түні белгілі өнші, Алматы қалалық Мәдениет департаментінің директоры Қыдырөлі Болмановты ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің жатақханасынан кезіктірдік. Артынан Ақжол Мейірбеков пен Майра Илиясова келді. Жатақхананың құтты қонақтары студенттерге ислам дінінің қадір-қасиеті, Қадыр түнінің ерекшелігі хақында әңгімеледі.



Организация КазГУ — ответ на мощный подъем многомиллионной массы трудящихся. Мы привыкли с понятием университета соединять представление о многоэтажном

ГОД РАБОТЫ

(Из беседы с ректором КазГУ Т. Асфендияровым)

Когда в октябре прошлого года создавался Казахский университет, перед нами была поставлена четкая задача — стать центром пролетарской культуры в КазССР.


грандиозном здании с десятком аудиторий и сотнями профессоров. Не таков наш юбилей-Казахский государственный университет-центр научной мысли Казахстана, школа новых строителей республики степей. Безукоризненно белый снаружи, со скромной, едва заметной вывеской одноэтажный дом на Советской улице.

Начал работу КазГУ при 121 студенте, 12 преподавателях и при едва удовлетворявших выполнение учебного плана оборудовании и библиотеке. Из Москвы приехала целая группа профессоров и преподавателей, имевших опыт работы в классических российских университетах еще дореволюционной школы. Проректором по учебной части назначили профессора Мансурова, преподавателя ана-

томии и физиологии человека Халела Досмухамедова назначили проректором по хозяйственной части.

К началу текущего учебного года КазГУ принял 145 новых студентов. И значит, расширил преподавательский состав — 17 профессоров и 19 педагогов. Общественная работа университета значительно расширяется. Наряду с работой существовавших в истекшем году учебных единиц намечается открытие повышения марксистского семинария, вечернего рабфака.

Отдохнувшие за лето и прошедшие хорошую общественную закалку в компании по хлебозаготовкам студенчество с головой ушло в учебу. Классы живут той особой кипучей жизнью, на какую способна только окрыленная Октябрем



национальная молодежь.

В стадии своего формирования у КазГУ немало трудностей: попытки чуждого элемента пролезть в университет, очень скверно дело обстоит с квартирами для студентов и профессуры. Научный сотрудник КазГУ т. Джандосов живет в университетском подвале. Преподаватель персидского языка т. Меани живет под открытым небом. Едет преподаватель химии, известный профессор Караваев... а куда его поселить, администрация университета еще не знает. В единственном общежитии на углу улиц Фонтанная (Тулбаева) и Максима Горького в полутрапезном доме без света живут наши студенты.

Но не смотря на эти досадные мелочи, Казахский государственный университет уже твердо встал в ряды догоняющих и перегоняющих капиталистические страны.

"Ленинская смена", 7 октября 1939 года.



**ПРИКАЗ И.О. МИНИСТРА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 18 НОЯБРЯ 2004 ГОДА №949
“ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ КОНКУРСНОГО ЗАМЕЩЕНИЯ ДОЛЖНОСТЕЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
(ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОГО СОСТАВА, НАУЧНЫХ РАБОТНИКОВ)
ПЕРСОНАЛА ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ**

Во исполнение распоряжения Премьер-Министра Республики Казахстан от 22 октября 2004 года №319-р «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «Об образовании» ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Утвердить прилагаемые Правила конкурсного замещения должностей научно-педагогического (профессорско-преподавательского состава, научных работников) персонала высших учебных заведений.
2. Департаменту высшего и послевузовского образования (Курманалиев К.А.) представить в установленном порядке настоящий приказ на государственную регистрацию в Министерство юстиции Республики Казахстан.
3. Настоящий приказ вступает в силу со дня государственной регистрации.
4. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

И.о. Министра

Утверждены приказом и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 ноября 2004 года №949

ПРАВИЛА

**КОНКУРСНОГО ЗАМЕЩЕНИЯ ДОЛЖНОСТЕЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
(ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОГО СОСТАВА, НАУЧНЫХ РАБОТНИКОВ)
ПЕРСОНАЛА ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ**

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Правила конкурсного замещения должностей научно-педагогического (профессорско-преподавательского состава, научных работников) персонала высших учебных заведений (далее - Правила) разработаны в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании».
2. Настоящие Правила определяют порядок и условия конкурсного замещения должностей научно-педагогического персонала высших учебных заведений.
3. Правила разработаны в целях установления эффективной кадровой политики с широким использованием демократических, правовых и экономических методов ее формирования, обеспечения условий для инициативы и самостоятельности, правовой и социальной защищенности работника с учетом его индивидуальных способностей и профессиональных знаний, повышения взаимной ответственности сторон.
4. Правила распространяются на конкурсное замещение должностей штатных преподавателей, научных работников, предусмотренных штатным расписанием высшего учебного заведения. Штатным преподавателем является преподаватель, занимающий должность, предусмотренную штатным расписанием одного вуза и выполняющий на основании индивидуального трудового договора полную учебную нагрузку по всем видам учебной, учебно-методической и научно-исследовательской работы.
5. Должности научных работников замещаются на конкурсной основе с учетом программно-целевого финансирования научной деятельности высшего учебного заведения.
6. Конкурсный отбор кандидатов на замещение должностей научно-педагогического персонала проводится в соответствии с квалификационными характеристиками должностей научно-педагогических работников.
7. Должности научно-педагогического персонала замещаются на конкурсной основе на срок не менее 3 лет.

2. ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ

8. Высшее учебное заведение объявляет конкурс на замещение должностей научно-педагогического персонала, сроки избрания и окончания индивидуальных трудовых договоров которого истекают в данном семестре, а также на вакантные должности.
9. Конкурс на замещение вакантных должностей научно-педагогического персонала и информация о вакантных должностях объявляется через средства массовой информации, включая средства информации высшего учебного заведения.
10. Срок подачи заявлений на конкурс вакантных должностей – не позднее одного месяца со дня опубликования объявления.
- Выборы по конкурсу и заключение индивидуального трудового договора проводятся не позднее чем через два месяца после окончания срока подачи заявления и не ранее двух месяцев до окончания срока действующего индивидуального трудового договора.
- В случае несоблюдения установленных сроков конкурс и информация о вакантных должностях объявляются заново.

3. ФОРМИРОВАНИЕ КОНКУРСНОЙ КОМИССИИ

12. Конкурсная комиссия по отбору кандидатов на замещение должностей научно-педагогического персонала (далее - конкурсная комиссия) создается приказом руководителя высшего учебного заведения.
13. Конкурсная комиссия определяет формы, процедуры, конкретные сроки проведения конкурса, проводит анализ конкурсной документации, выносит решение по итогам конкурса.
14. Основные задачи работы конкурсной комиссии: предоставление всем равных возможностей для участия в конкурсе; обеспечение добросовестной конкуренции среди участников конкурса; осуществление контроля за соблюдением объективности, гласности проведения конкурса.
15. Конкурсная комиссия создается в следующем составе: председатель конкурсной комиссии - руководитель (заместитель руководителя) высшего учебного заведения, заместитель председателя, секретарь и члены комиссии.
16. Персональный состав конкурсной комиссии и сроки ее полномочий определяются ученым советом высшего учебного заведения и утверждаются соответствующим приказом руководителя высшего учебного заведения.

4. ПРИЕМ И РАССМОТРЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ УЧАСТНИКОВ КОНКУРСА

17. Лица, желающие участвовать в конкурсе, с последующим заключением индивидуального трудового договора, подают заявление на имя руководителя высшего учебного заведения с приложением следующих документов: личный листок по учету кадров, автобиография, копии дипломов о высшем образовании и ученой степени (в вузах искусства и культуры должности доцентов, профессоров могут быть замещены крупными специалистами, не имеющими соответствующего ученого звания и ученой степени, обладающими большим опытом практической работы по данной специальности), аттестата об ученом звании, заверенные в установленном порядке, список научных работ и изобретений, характеристика с последнего места работы.
18. Лица, работающие в данном высшем учебном заведении, для

участия в конкурсе или занятия должности по индивидуальному трудовому договору подают на имя руководителя высшего учебного заведения заявление, сдают характеристику и список научных работ и изобретений.

Документы лиц, желающих участвовать в конкурсе на должности профессорско-преподавательского состава, направляются с визой руководителя высшего учебного заведения на кафедру для предварительного заключения.

Документы лиц, желающих участвовать в занятии должности руководителя кафедры, направляются с визой руководителя высшего учебного заведения на кафедру и факультет для предварительного заключения. В этом случае заседание кафедр проводит декан факультета.

19. Конкурсные материалы предварительно рассматриваются на заседании соответствующей кафедры, которая выносит заключение, носящее рекомендательный характер.

20. Лица, участвующие в конкурсе, отчитываются на заседании кафедры о научно-педагогической деятельности за период, предшествующий конкурсу. Кафедра вправе предложить претендентам прочесть пробные лекции или провести другие учебные занятия и по их итогам принять рекомендации.

21. Кафедра по каждому кандидату принимает открытым или тайным голосованием простым большинством голосов штатных преподавателей кафедры соответствующее заключение, которое направляется в конкурсную комиссию.

22. Заключение кафедры о кандидатуре руководителя кафедры подписывает декан факультета, проводивший заседание кафедры.

23. Заключение общеуниверситетской кафедры о кандидатуре руководителя кафедры подписывает заместитель руководителя высшего учебного заведения, проводивший заседание кафедры.

24. Участники конкурса и претенденты на должность руководителя кафедры могут присутствовать на заседании кафедры и быть ознакомлены по их желанию с ее заключением.

5. ПОРЯДОК ИЗБРАНИЯ ПО КОНКУРСУ

25. Конкурсный отбор кандидатов на замещение должностей научно-педагогического персонала проводится на основе аналитического обобщения итогов деятельности претендентов в форме анкетирования, экспертной оценки, тестирования, собеседования, творческих отчетов, защиты авторских разработок.
26. Целью собеседования является оценка профессиональных и личностных качеств кандидатов с учетом квалификационных требований, особенностей конкретного высшего учебного заведения, на вакантную должность которого объявлен конкурс.
27. По каждой кандидатуре на заседании конкурсной комиссии оглашается заключение кафедры, факультета с соответствующей рекомендацией.
28. После этого конкурсная комиссия открытым голосованием принимает решение о включении кандидатуры на данную должность в единый бюллетень для тайного голосования.
29. Согласие или несогласие с кандидатурой выражается словами «согласен» или «не согласен» против фамилий каждого кандидата. Если голосующий не вычеркнул из бюллетеня ни одного слова или вычеркнул оба, то бюллетень считается недействительным.
30. Для подсчета голосов конкурсная комиссия перед началом тайного голосования избирает счетную комиссию в составе не менее трех членов комиссии. Счетная комиссия оглашает результаты голосования по каждой кандидатуре. Протокол счетной комиссии утверждается конкурсной комиссией и приобщается к материалам конкурса.
31. Решение конкурсной комиссии при проведении конкурса является действительным, если в голосовании участвовало не менее 2/3 ее членов. Избранным считается кандидат, получивший 50% и более голосов присутствующих членов конкурсной комиссии.
32. Если при проведении конкурса, в котором участвовало 2 или

более кандидатов, голоса разделились поровну, производится повторное голосование на этом же заседании конкурсной комиссии после объявления результатов и дополнительного обсуждения.

Решение конкурсной комиссии, принятое тайным голосованием, является окончательным, если оно принято соблюдением настоящих Правил.

Лица, участвующие в конкурсе, имеют право присутствовать на заседании конкурсной комиссии.

33. По результатам голосования конкурсная комиссия принимает рекомендации по каждому претенденту на вакантную должность с формулировкой (рекомендуется ректору вуза) или (не рекомендуется ректору вуза) для заключения индивидуального трудового договора.

С результатами конкурса и рекомендациями конкурсной комиссии секретарь комиссии знакомит лиц, участвовавших в нем.

34. Лица, работающие в высшем учебном заведении, не избранные по конкурсу на должности в сроки, установленные настоящими Правилами, а также не подавшие заявления для участия в конкурсе, освобождаются от работы в вузе в связи с истечением срока индивидуального трудового договора.

35. При объединении кафедр объявляется вакантной и до избрания по конкурсу замещается путем заключения индивидуального трудового договора.

36. Должность руководителя вновь организованной кафедры или при объединении кафедр объявляется вакантной и до избрания по конкурсу замещается путем заключения индивидуального трудового договора.

37. На вакантную должность руководителя кафедры до заключения индивидуального трудового договора руководитель высшего учебного заведения имеет право возлагать исполнение обязанностей на одного из ведущих преподавателей на срок до одного года.

38. При разделении кафедры ее руководитель назначается на должность руководителя одной из вновь организованных кафедр приказом руководителя. Должность руководителя другой кафедры возлагается на одного из ведущих преподавателей и объявляется вакантной.

39. Решение конкурсной комиссии об избрании лица по конкурсу является основанием для заключения индивидуального трудового договора на должности научно-педагогического персонала высшего учебного заведения.

40. Лица, принимаемые на преподавательскую работу на условиях почасовой оплаты, зачисляются приказом руководителя высшего учебного заведения и к категории штатных преподавателей не относятся.

6. ПОРЯДОК ОБЖАЛОВАНИЯ

41. Участники конкурса и кандидаты имеют право обжаловать решение конкурсной комиссии у руководителя высшего учебного заведения или в судебном порядке.
42. Руководитель высшего учебного заведения рассматривает поступившую жалобу на решение конкурсной комиссии и в случаях обнаружения нарушения настоящих Правил может предложить конкурсной комиссии полностью или частично отменить принятое решение.
43. Предложение руководителя высшего учебного заведения рассматривается конкурсной комиссией на ее заседании в прежнем составе. На данном заседании конкурсная комиссия отменяет ранее принятое решение и выносит новое. Конкурсная комиссия извещает о принятом решении руководителя высшего учебного заведения и участника конкурса, подавшего жалобу, в пятидневный срок с момента принятия решения.
44. В случае отмены конкурсной комиссией ранее принятого решения процедура заседания комиссии проводится заново с участием тех же кандидатов и претендентов.
45. Участники конкурса, а также руководитель высшего учебного заведения имеют право ознакомиться с конкурсными документами и результатами конкурса.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби объявляет конкурс на замещение должностей ведущих кафедр, профессоров доцентов, старших преподавателей и преподавателей КазНУ им. аль-Фараби, сроки и окончание индивидуального трудового договора которых истекают в данном семестре, а также на **вакантные должности**.

Срок подачи заявлений на конкурс вакантных должностей - не позднее одного месяца со дня опубликования объявления. Выборы по конкурсу и заключение индивидуальных трудовых договоров проводятся не позднее чем через два месяца после окончания срока подачи заявлений и не ранее двух месяцев до окончания срока действующего индивидуального трудового договора.

Лица, желающие участвовать в конкурсе, с последующим заключением индивидуального трудового договора, подают следующие документы:

- заявление на имя Ректора
 - личный листок
 - автобиографию
 - копию диплома о высшем образовании, ученой степени и аттестат об ученом звании, заверенные в установленном порядке
 - список научных работ и изобретений
 - характеристику с последнего места работы.
- Лица, работающие в университете, для участия в конкурсе подают:
- заявление на имя Ректора
 - характеристику
 - список научных работ и изобретений за последние 5 лет.

Отдел кадров



Продолжение на 8 стр.

